

ӘОЖ 81'271; 82.085; 808.5

Н.О. Мұқатов,

А. Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік университетінің
доценті, ф. г. к., Қостанай қ. Қазақстан,
e-mail: esimjulduz.84@mail.ru

Экранда сөйлеу мәдениеті

Мақалада БАҚ дамуы, өсу қарқыны мен сипаты, елдің нарықтық экономика және саяси құрылымы демократизацияға өту жағдайындағы үдерісі тілдің деформациялану себебі ретінде қарастырылады. БАҚ тілдің таралуына, халықтың сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Тілге құрметпен қарауды қалыптастыру бойынша көп жұмыстар жасалып жатқанымен әлі күнге газеттерде қателер көп, ал теледидар экранынан үлгілі деп айтарлықтай емес сөздерді етуге болады. Жастардың теледидарға деген ынтасын, жастардың теледидарды «пір» тұтуын ексере отырып, БАҚ тілге байыппен қарауы керек. Журналисттердің кәсіби әртекті арнайы дайындықты қажет ететінін және тілді кемелдендіріп отыруды қажет ететінін ескере отырып, қадап айтады. Әсіресе радио мен теледидарда жұмыс істейтін журналистер үшін мәдениет пен сауаттылыққа қойылатын талаптар ерекше.

Түйін сөздер: БАҚ, теледидар арналары, этикет, сөз мәдениеті, сөз саптау, киім киіс, тікелей эфир, талғам, жүргізуші.

N.O. Mukatov

Culture of speech on the screen

The article proves that the development of the media, the pace and nature of their growth, the process of transformation in the transition to market economy and democratization of the political system – all of this should be seen as the cause of the deformation of the language. Media plays an important role in the propagation of the language, and in improving literacy. And although there are some positive results on the formation of respect for the language, but newspapers still contain a large number of errors, and television often sounds far from exemplary speech. The attitude of young people to television is given – for many it is the only source and the «torch» in life, the media should carefully handle the language. It is stated that the journalist's professional activity involves special training, continuous learning and improvement of the language. Particularly high requirements for culture and literacy of journalists working in television and radio are set.

Key words: media, TV channels, etiquette, culture, patterns of speech, dress code, live, taste, presenter.

Н.О. Мукатов

Культура речи в эфире

В статье рассматриваются развитие средств массовой информации, темпы роста и их характер, состояние рыночной экономики и политическая структура в процессе перехода к демократизации как факторы, предшествующие деформации языка. Отмечается, что СМИ играют важную роль в распространении языка, повышении грамотности. Акцентируется внимание на упущениях в работе по формированию уважительного отношения к языку: обнаруживаются ошибки в газетах, с экранов телевидения можно услышать слова далеко не образцового содержания. Отмечается, что с учетом поклонения молодежи перед телевидением необходимо уделять языку большое внимание. Профессиональные действия журналистов нуждаются в специальной подготовке и в совершенствовании языка. Выявляется специфика работы журналистов на радио и телевидении, требующая особого внимания к культуре и языковой грамотности.

Ключевые слова: СМИ, телевизионные каналы, этикет, культура речи, манера речи, дресс-код, прямой эфир, вкус, ведущий.

Қазір қуаты күшті бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі түгелдей, түбірінен өзгеріске ұшырады. Ықылым заманнан бері жұртшылық ілтипатын иеленген, Кеңес дәуірін және тәуелсіз Қазақстанды кең мағынада нанымды түрде насихаттаған атағы дардай, дәрежесі жоғары газет-журналдардың көбі біртіндеп шегіншектеп, артта қалып, оның есесіне теледидар суырылып алға шықты [1]. Көрермен қауымның ересектер жағы да, орта буындары да, желкілдеген жеткіншектері де көгілдір экранға қарай кілт бұрылып, жаңа заманның әлеуметтік-тұрмыстық хал ахуалын қызыға тамашалады. Және мемлекеттік жүйедегі «Хабар», «Қазақстан» арналарының қатарларын жеке меншіктегі ұжымдар толықтыра түсті. Қазақстан халқы отандық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің күнделікті өнімдерін кәдімгідей кәдеге жарата бастады.

Жарықтық, алты алаш арыстары ауыздарынан небір шынайы лебіздер ақ маржандай ақтарылғанын жақсы білеміз. Халқымыздың біртуар перзенті Шәкәрім Құдайбердиев кезінде «Дауыс пен сөз сұлулығы–жан сыйы ғой» деп жазған болатын. Олай болса басты мәселе көгілдір экраннан жарқ етіп, жұрт назарын өзіне аударып көрінуде емес шығар. Сөйлеу мәдениетіне жете мән беріп, бағдарламаның экранға сапалы күйінде шығуына қамқорлық жасау, әр минуттың зая кетпеуі үшін табанды күрес жүргізу журналисттің негізгі қызметі екенін бір сәт ұмытуға болмайды.

Франция елінде баяғыдан қажеттілікке жараған этикет деген сөз бар. Оның ескі атаулары салт-жоралар, салтанат. Қашықтағы Қытай елінде бір ғана рәсімнің отыз мыңнан астам атаулары бар көрінеді. Қытайлықтар, Жапондар адаммен өте ізгі жағдайда, жылы шырайда амандасуға мән бере отырып, әрқашан мазмұнын жоймаған әдептілік халық сеніміне кіру деп есептейді. Адамгершілікті ылғи асқақ ұстайды. Олар «сіз», сондай-ақ «сен» деген сөздерді дұрыс үлгіде қолдануға, сезім, көру, есту, түйсік, сана кері бағытта өзгермеуіне ықпалын тигізуге тырысады. Әйгілі Шота Руставели «Құмырадан тек қана ондағы бар нәрсе ағады» десе, қазақтың тауып айтылған «аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген қанатты лебізі және бар.

Ғалымдардың зерделі зерттеуіне сүйенсек, жағымды жандардың дауыстары мейірімді, ашық, коныр, биязы болады да, жағымсыздардың дауыстары керісінше тарғыл, жарықшақ,

қырылдаған, гүжілдеген, бажылдаған болып келеді екен. Сәл тарих сандығын ақтарып, ішіндегі, гауһар, жауһарларын тізіп көрсек, біраз жайларға тереңнен қаныға түсеміз. Сонау он сегізінші ғасырда өмір сүрген американдық танымал ағартушы Бенд-Жамин Франклин жер бетіндегі ізгілік атаулының он үш түрін белгілеп, әлемді мойындатқан. Олар ұстамдылық, үнсіздік, тәртіп, шешімділік, іскерлік, ашықтық, әділдік, үнемділік, тазалық, сабырлылық, салқынқандылық, шаң жұқтырмаушылық, сыпайылық болып жүйе-жүйесімен кете береді.

Зерттеуші Құдайберген Тұрсынов өзінің 1998-жылы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Көгілдір экран құпиясы» деп аталатын ғылыми зерттеу еңбегінде «Біздер әдетте, күнделікті қарым-қатынас барысында «ажарсыз», «талғамсыз», «күлкілі», «ыңғайсыз» және тағы басқа сөздерді көп қолданамыз деп жазады [2]. Ол мәнерлеп, мәнді, мағыналы оқудың, мәтіндегі сөздік тіркестерді, логикалық және психологиялық кідірістерді тап басудың, сөйлемдегі негізгі екпінге мән берудің, тыныс белгілеріне мұқият болудың ерекшеліктерін де ақиқат тұрғысынан айта біледі. Н. Омашұлы 1999-ыншы жылы Алматы қаласындағы «Атамұра» баспасынан шыққан «Жол үстінде журналист» кітабында «Елдің рухани еркіндігін сезіндіру, оның орнығуын қамтамасыз ету қолына қалам ұстаған әріптестеріміздің міндеті болып қалмақ» деп жазады [3] /. Ғалымның міндеті бұқара жұртшылық жылы қабылдап, ойланып, толғанатын парасатты пікір туғызу. Әрі қарай жауапкершіліктің апауыр жүгі журналисттердің, жүргізушілердің, дикторлардың өз бастарында болса керек. Республика өз алдына, дербес жеке мемлекет болғалы көгілдір экран қызметі әбден жанданды.

Қазақ теледидарында жұмыс істеген ардагерлердің біразы зейнеткерлікке шықты. Қазір олар пәтерлеріндегі жұмсақ дивандарға жайғаса жатып, теледидар бағдарламаларын көрермен ретінде көріп, тамашалайды. Ресейдегі Мәскеу теледидары хабарларының сценарилерін, тақырыптарын қайталау дәстүрі пайда болды. Ал, хабарларды жүргізушілер қатарларына эстрада әртістері емпелендей жетіп келіп, төрге озып, тізгінді иеленіп, шамашарықтарына сөйлей бастады. Дені кәсіби шеберлік деңгейінде емес екендігін ашық айтуға тиістіміз. Хабарлар негізінен тікелей жүргізілетіндіктен көрермен алдындағы жауапкершілік өте жоғары екенін ұмытпаған

жөн. Мәселен республикалық теледидардан белгілі әншілер Айгүл Иманбаева мен Жанар Айжанова тұрақты жүргізетін «Той Bestar» хабарын алайық. Екеуі де кәсіби журналист емес. Бірақ экран алдындағы жауапкершілік бәріне бірдей. Ең бірінші ескертер жай, осы хабардың идеясының өзі бұлдырлау. Айгүл мен Жанардың жөн жосықсыз, мүлде ретсіз күлуі түсініксіз әрине. Сөйлеу мәдениеттері төмен. Экранда отырған жүргізушілер теледидардағы сөз бен дастархан басында, той думанда айтылатын әңгіме айырмашылығын жан жүрегімен сезінсе шіркін. Атақты ерлі-зайыпты әншілер Қыдырәлі Болманов, Қарақат Әбілдина жүргізетін «Бенифис шоу» хабары да жетісіп тұрған жоқ. Бұлардың талантты әншіліктеріне түк дауымыз жоқ. Бірақ экранда сөз қолданыстары, сөйлемдерді құрауы, мәтіндерге мән беруі шамалы. Көркемдіктің көк жиегі анық күйінде, пәлендей көзге түспейді.

Ауызды қу шөппен сүртіп, уһілеп, аһылап ғұмыр кешуге болмайды. Көгілдір экранның шын мәніндегі көркі болған хабарлар, оны әзірлеуге шалқар шабыт, зор ізденіспен барған жүргізушілер қаншама. Талантты жазушы Ақселеу Сейдімбек пен Жәнібек Кәрменовтың циклды хабарларын айтсаңызшы. Екеуінің көгілдір экранда отырысының өзі бір бөлек. Артық қимыл, қозғалыс байқалмайды, жүргізуші де, бағдарламаға қатынасушы да қазақы, айшықты сөзге ағып тұр. Айызың қанады. Ал, Жүсіпбек Елебеков үлгісінде домбыра шертіп, оған өзінің қоңыр дауысын қосатын Жәнібектің әсем әуені Арқаны ажарландырып, Жетісуды желпіндіріп жіберетіндей. Кейде республикалық теледидар қорындағы осы хабарды қайталап көре бергім келеді де тұрады. Мұның сыртында жазушы журналист Сұлтан Оразалинның әйгілі адамдармен ой бөліскен «Сұхбат», Бейбіт Құрамбектің «Айтуға оңай», Әйгерім Сейфолланың «Сырласу» Нұрлан Қоянбаевтың «Түнгі студия» хабарлары кісіні бей жай қалдырмайды. Бұдан пәленбай жылдар бұрын көгілдір экранда тың серпіліс тудырған «Қарыз бен парыз», «Қымызхана», «Шынның жүзі», «Ақжүніс», «Кеш жарық» хабарларын талғампаз көрермен әлі ұмыта қойған жоқ.

Басқа сала сияқты журналистиканың да кәсіби шеберлікті шыңдай отырып, шығармашылық жағынан жүйелі дамуы даярланған мамандарға тікелей байланысты. Ертеректе жалғыз КазГУ болды. Журналистика факультетіне бар болғаны жыл сайын елу шақты абитуранттерді қабылдайтын.

Шығармашылық байқаудан өтудің өзі қыл көпір арқылы өзеннің арғы бетіне өткенмен парлар. Іріктеу, сұрыптау өте қатаң талап үлгісінде өтеді. Оқуға шын мәніндегі қабілеті барлар ғана қабылданады. Аттарынан ат үркетін, ғибраттары мол Х. Бекқожин, Т. Амандосов, Т. Қожакеев, Ә. Ыдырысов, М. Барманқұлов тәрізді доктор, профессорлардан дәріс алғандардың дені облыс түгіл, республикаға танымал журналист болды. Әп-әйдік ел құлағынан естуімізше тәуелсіз Қазақстанда жиырмаға жуық журналистика факультеттері бар көрінеді. Жоғары жаққа берілетін ақпарат-есеп мықты болғанымен сапа мәселесі мәнді емес. Мысалы Қостанай қаласындағы А. Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік университеті журналистика бөлімі түлектерінің кейбірі республикалық «Хабар», «Қазақстан», «Астана» арналарында жұмыс істеп жүргенімен, көбі мамандықтарына толық төселе алмай әуре сарсанда жүр.

Бұғанқосаайтарымыз «Қазақстан-Қостанай», «Алау» телеарналары бағдарламалары жүргізушілері кей кезде кәсіби шеберлік тұғырынан төбе көрсетпейді. Студия қонақтары тақырыпты ашуға дәрменсіз. Нақтылық жоққа тән. Сөйлеген сөздің салмағынан гөрі көпірігі әлде қайда көбірек. Өз басым теледидар хабарларын байырғы журналист әрі көрермен есебінде көріп, кәдімгідей ойша таразылап, жетістігіне жаным семіріп, жетімсіз тұсына реніш сездіремін. Хабарлардың көбісі өз арнасында бірқалыпты ырғақта ағып жатқан өзендерге өте ұқсас. Былайша айтқанда тегеурінді, асау мінезді толқындар легі байқалмайды. Таңдай қақтырып, ерекше тамсандыратын хабарлар саны сирек. Оқиғаның мән-жайын түбірінен түсініп, аса бай қазақ сөзі қорын пайдалану әрекеті әлсіз. Тіпті журналистердің нені жазып отырғанын жете түсінбеуі өкінішті әрине. Бірде, бұдан біраз жылдар бұрын «Қазақстан-Қостанайдың» ақпарат бағдарламасын көріп, тамашаладым. Мәселенің мән-жайы былай екен. Қостанай қаласына ресей жерінен жылжымалы зоопарк келіпті. Жас журналист елді елеңдеткен осы оқиғадан бейне материал әзірлеген. Кадр сыртынан айтылған мәтіндерінің аяқтарын тең басып тұрмағандары өз алдына, тілшінің аң мен құстарды ажырата алмайтынына таң қалдық. Яғни «жылжымалы зоопарк алаңына келген қостанайлықтар қарсақ, түлкі, қаршыға сияқты құстарды тамашалады» деп желпінеді автор.

Ұшқыр уақыт алға заулап, заман тез өзгерді. Адамдар да баяғыдай емес. Кісі кісімен өзара

жүздесе қалған сәттің өзінде сөйлеу мәдениеті ең жоғарғы деңгейде сақталады деуге ертерек. Ал көгілдір экранның жөні бөлек, жауапкершілігі әрқашан күшті. Лебізімізді түйінде келе айтарымыз жүргізуші көгілдір экран алдында миллиондаған көрермендер отырғандарын ешқашан ұмытпай, өзінің киім киісіне, әр қимыл,

қозғалысына, ойын шашыратып жібермей, сөйлеу мәдениетін көрсетуге, зиялы жан екенін танытуға күш-жігер, қабілет, ізденісін жұмсаса іс ілгері қозғалатынына титтей де күмән жоқ. Мейлі жүргізуші, мейлі студия қонағы болсын көгілдір экраннан көркем сөйлеп, көргенділіктің көкесін көрсете берейікші, ағайын!

Әдебиеттер

- 1 Жендырбаева С. Мәнерлеп оқу. – Алматы, 1992; Орыс сөздігіндегі ымдар мен қимылдыр. А.А. Акишинованың, Х. Кано, Т.Е. Акишинованың редакциясынан. – Москва, 1991.
- 2 Тұрсынов Қ. Көгілдір экран құпиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.
- 3 Омашұлы Н. Жол үстінде журналист. – Алматы: Атамұра, 1999.

References

- 1 Jendi'rbaeva S. Ma'nerlep okw. – Almati', 1992; Ori's so'zdigindegi i'mdar men qi''mi'ldi'r. A.A. Aki''shi''novani'ng, H. Kano, T.E. Aki''shi''ni''novani'ng redakci''yasi'nan. – Moskva, 1991.
- 2 Tursi'nov Q. Ko'gildir e'kran qupi''yasi'. – Almati': Qazaq wni''versi''teti, 1998.
- 3 Omashuli' N. Jol u'stinde jwrnali''st. – Almati': Atamura, 1999.